ONAY!

# СТУДЕНТТІК ЖОЛ ЖҮРУ КАРТАСЫ




**СТАТУС:**
**18 ЖАСТАН АСҚАН ЖОО СТУДЕНТІ**

**ONAY!**

# ВИРТУАЛДЫ ЖЕҢІЛДІК КАРТАСЫН ШЫҒАРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Виртуалды жеңілдік көлік картасын **ONAY!** мобильді қосымшасында тікелей рәсімдей аласыз.

## Бастамас бұрын мыналарға көз жеткізіңіз:

- **ONAY!** мобильді қосымшасының соңғы нұсқасы орнатылған және қосымшада толық тіркеуден өткенсіз.
- Сіз 18 жасқа толғансыз.
- Сіз Алматы қаласындағы ЖОО-ның күндізгі бөлімінде білім алатын студентсіз.
- Құрылғыңызда eGov немесе банктің мобильді қосымшасы орнатылған (құжат кодын алу үшін).






**СТАТУС:**
**18 ЖАСТАН АСҚАН ЖОО СТУДЕНТІ**

ONAY!

KazNARU

# 1 1-қадам. «Жеңілдіктер» бөліміне өтіңіз

«Жеңілдіктер» бөліміне өтіңіз. Мұны екі жолмен жасауға болады:

**МӘЗІР АРҚЫЛЫ:**
**«МӘЗІР» → «ЖЕҢІЛДІКТЕР»** тармағын таңдаңыз

**КАРТАЛАР АРҚЫЛЫ:**
**«ЖАҢА ONAY! КАРТАСЫ» →**
**«ВИРТУАЛДЫ ЖЕҢІЛДІК КАРТАСЫН АШУ»** тармағын таңдаңыз






## 2 2-қадам. Қаланы таңдаңыз

«18 жастан асқан ЖОО студенті» жеңілдігі тек Алматы қаласында қолжетімді. Басқа қала таңдалса, бұл санат жеңілдіктер тізімінде көрсетілмейді. Алматы қаласын таңдаңыз.




**Алматы қаласын таңдаңыз**

ONAY!

# 3 3-қадам. Қажетті жеңілдікті таңдаңыз

1. Экранда қолжетімді жеңілдіктер тізімі пайда болады. Өзіңізге сәйкес келетін санатты таңдаңыз.
2. «Алматы қаласы» және «18 жастан асқан ЖОО студенті» санатына сәйкес келетін жеңілдікті таңдаңыз. Карта артықшылықтарымен танысу үшін оны басыңыз.

**Маңызды:** Осы қадамды орындамас бұрын қосымшада толық тіркеуден өткеніңізге көз жеткізіңіз. Бұл қадам тек толық тіркеуден өткен пайдаланушыларға қолжетімді. Әйтпесе, толық тіркеуден өту туралы ақпараттық терезе көрсетіледі.

**Кеңес:** Жеңілдік атауының жанындағы «?» белгішесін басыңыз. Деректер мемлекеттік базалардан (eGov) автоматты түрде жүктеледі. Ақпараттың дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Деректер қате болса, бұл қызметтерді алу немесе картаны рәсімдеу мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.



ONAY!

## 4 4-қадам. Карта туралы ақпарат

Экранда карта туралы қысқаша ақпарат пен оның артықшылықтары көрсетіледі.

Картаны шығармас бұрын Пайдаланушы келісімін ашып, танысуға болады. «Картаны ашу» батырмасын басу арқылы оның шарттарымен келісетініңізді растайсыз.



ONAY!

# Назар аударыңыз!

- Егер Сізде **жеңілдік көлік картасы** бұрыннан бар болса, жаңа карта шығарылған кезде ол автоматты түрде ауыстырылады.
- Егер Сізде **жеңілдік виртуалды карта** бұрыннан бар болса, жаңа карта шығарылған кезде ол да автоматты түрде ауыстырылады.



ONAY!

KazNARU
1929

# 5 5-қадам. Талаптарға сәйкестікті тексеру

«Картаны ашу» батырмасын басқаннан кейін жүйе деректерді автоматты түрде тексереді.

## 1 Егер Сіз тіркеуден өтпеген болсаңыз:

Өтінім беру процесі тоқтатылып, толық тіркеуден өтуді сұрайтын терезе көрсетіледі.

**Пройдите полную регистрацию**

Для доступа к данному функционалу приложения Вам необходимо пройти полную регистрацию.

Перейти к полной регистрации?

Нет | **Да**

## 2 Егер Сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз:

Өтінім беру процесі тоқтатылып, жасыңыздың жеңілдікті рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтіні туралы хабарлама көрсетіледі.

**Ваша заявка отклонена**

По результатам проверки Ваш возраст не соответствует требованиим для получения льготы

**Ок**

## 3 Егер құжат мемлекеттік базада болмаса:

Мемлекеттік базада студенттік билет болмағандықтан, тексеру жүргізу мүмкін болмағаны туралы хабарлама көрсетіледі.

**Ваша заявка отклонена**

Не найдены документы, удостоверяющие право на выпуск виртуальной льготной карты, в государственной базе. Для получения помощи свяжитесь с Call-центром

Call-центр | **Ок**

ONAY!

## 6 6-қадам. 1414-тен келген кодты енгізу

ONAY! қосымшасында код енгізуге арналған өріс пайда болады. Студенттік билетіңізге қолжетімділік беру үшін 1414-тен келген SMS-кодты енгізіңіз.



# 7 7-қадам. Өтінімнің тексерілуін күтіңіз

Өтінім жіберілгеннен кейін ол тексеруге жіберіледі. Қосымшада өтінімнің мәртебесі «Тексеруде» немесе «На проверке» болып көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда Call-center-ге хабарласуға болады.







**Call-center: +7 (727) 397 01 91**

# 8 8-қадам. Карта сәтті шығарылды




Құттықтаймыз! «18 жастан асқан ЖОО студенті» виртуалды жеңілдік картасы сәтті шығарылды.

Картаны ONAY! мобильді қосымшасында толықтырып, жеңілдікпен жол жүру мүмкіндігін пайдаланыңыз.

ONAY! пайдаланушыларға сервисті қарапайым, ыңғайлы әрі қолжетімді етеді.